

ИНЕ

Мысығының мияулағаны миын шағып жіберді. Аузын жаппай, үдете түсті. Түгі теңбіл, көзі жап-жасыл мысығы жотасын күжірейтіп, денесі бүрісіп, іші арқасына жабысып кіржиіп қалған. Даусы жалынышты. Қыбырлап тыным таппайтын мысығының мына түріне Алуа шошып кетті.

– Мынау ауырып қалған ба?

– Айранды көп ішіп күпті болмаса, жаңа ғана сап-сау жүрген, – деп әжесі де жанына келген. Жотасын сипамақшы болып еді, кирелең ете түсті де, жаңағыдан да ащылау миялауды. Бұларға әлденені айтып ұқтыра алмай тұрғанына ызаланып, көзі тесірейіп кетті. Кірпік қақпайды.

Алуа ақ бәтеске қызыл жіптен гүл шоғырын кестелеп жатқан. Маржандап тігу үшін, қолындағы инесін отырған жеріне шанши салып, қармақты біз әкелуге орнынан жаңа ғана көтерілген. Мысығы мұның кесте жіптеріне бір қарап қойып, бет-аузын жалап түктерін сылап, езуіне қыстырылып қалған мұртының түгін ала алмай өз-өзімен әуреленіп отырған. «Не істеп отырсың?» деп қараған Алуаға жымыып, күліп қарағандай болған. Қас пен көздің арасында бүгжиіп, бүрісіп қалыпты.

Бауырына басып, басынан сипамақшы болып еді, күржиген жотасын жазбай, ақырған адамдай мияулады.

– Сенің кесте тігіп отырған жіңішке инең қайда? – әжесі бір нәрсе түсінгендей Алуаның бетіне сұраулы жүзбен қараған.

«Міне!» деп алып бермекші болған жерінен инені таба алмай қалды. Шаншып қойғанын анық біледі. Жер жұтқандай жым-жылас.

– Сабақтаулы ма еді? – әжесі тәптіштей сұрады.

– Иә.

– Мына мысығың жұтып қойған ғой соны. Ішінің бір жеріне қадалып тұр. Содан ғой мазасы кетіп тұрғаны.

– Енді не істейміз? Өліп қалмай ма?

– Жүрегіне қадалмаса, ішегін тесіп кетпесе өлмейтін шығар, – әжесі де мысығына жаны ашып, шарасыздықтан абыржып қалғандай.

– Мұндай нәрсеге абай болу керек қой, салдыр-салақтығыңның кесірі, –

әжесі Алуаға зекіп қалды.

– Иненің осындай жамандық әкелетінін білмеппін, – Алуа жылауға шақтұр. Кесте тіккен жіңішке инесін енді қолына түссе сындырып тастамақшы.

Мал дәрігері алдымен мысығын рентгенге түсірді. Ине бүйрегіне қадалыпты. «Келіссеңіздер ота жасап алып тастау түк емес», – деді. Мысығының түгі жығылып, даусы әлсіреп қалған. Көзі сондай жалынышты. Қатты қиналғаны аңғарылады. Дәрігер ағай отаны жылдам жасады. Инені суырып әжесінің қолына ұстатты. Алуаның кесте тігіп отырған инесі! Лақтырып жібергісі келген. Мысығын бір күн бойы қинады ғой. Ақ бәтеске көзі түсті. Қып-қызыл гүл ашылуға даяр тұр. Көк шалғынды жасыл жіппен зерлесе болды, жапырақтардың жүрегі дір-дір етіп қуанғаннан шаттанатындай. Сабақтаса болды ине мен жіп алақайлап, бір-бірін қуып ойнайтындай. Не істесе екен? Осы көңіл-күйін аңғарған әжесі:

– Ине кінәлі емес. Әр істе ұқыпты болған жөн, Линкольнді де біреудің үйіне ұмыт қалдырған инесі үшін мұқатпақшы болған екен, – деді әжесі жаны жай тауып, пырылдап ұйықтап қалған мысығының басынан сипап.

– Линкольн деген кім? – деп Алуа таңдана сұрады.

– Бір кездері Американың президенті болған Авраам Линкольн етікшінің баласы екен. Оның мемлекет басшысы болып сайланғанына ақсүйектер қарсы болып, жауығыпты. Сенат алдында ант берер күні бір депутат:

– Линкольн мырза, сіз әкеңіз екеуіңіз біздің отбасына аяқ киім тігіп беру үшін келгеніңізде инелеріңізді ұмыт қалдырып кетіпсіздер. Бүгін сіздің президент болуға ант беретін күні соны әдейі әкеліп тұрмын. Шыққан тегіңізді ұмытпаңыз, – деп әкесі аяқ киім тіккен инені Линкольнге ұсынады. Ол осы сөзімен, бір кезде ұмыт қалдырған инесі арқылы көптің алдында кемсіткісі келген. Авраам Линкольн оған:

– Ант берердің алдында әкем туралы айтқаныңыз өте орынды болды. Әкемнің жаны көркем, қолы шебер еді. Ол тіккен аяқ киімді ешкім де тіге алмайтын. Оның шеберлігіне жете алмаймын, дегенмен әкем тіккен туфли аяқтарыңызды қысса, ине дайын, қайта тігіп бере аламын, – деп әкесінің инесін әкеп берген депутатқа рахметін айтыпты.

Алуа өзін мысығы мен әжесінің алдында кінәлі сезініп, қолайсызданып

қалған. Мана зекіп сөйлегенінде жылағысы да келген. Сөйтсе көңіл-күй деген иненің ұшына ілініп қана тұрады екен ғой. Әжесі бәрін жаймашуақтандырып жіберді. Мысығы пырылдап қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. Ақ бәтестің бетіндегі әдемі өрнекті маржандай тіксе, аспаннан ақ нұр себелегендей болады. Алуа инесін сабақтады. Кішкентай жүйрік саусақтары жорғалап, ине мен жіп сыбырласа, сусылдай жөнелді. Алуаның бар ойы енді кестеге ауды.

Ділдәр МАМЫРБАЕВА, жазушы
Алматы қаласы

